

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ МЕН ДАМУЫ

Мекен Айтолқын Мерекеқызы

Багитова Каламкас Багитовна

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., Қазақстан

Аннотация

Қазіргі заманда технологиялар мен жасанды интеллект (ЖИ) күнделікті өмірімізде маңызды рөл атқарады. Олардың бірі шетел тілдерін оқытуға үлкен ықпал етеді. Жасанды интеллект тіл үйренуді жеңілдететін құрал ретінде қолданылып, студенттердің тілдік дағдыларын дамытуда жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл мақалада жасанды интеллекттің шетел тілдерін оқытуда қалай пайдаланылатыны және оның артықшылықтары туралы айтылатын болады. Қазіргі заман талабында сондай, бұл (ЖИ) арқылы тілді де, оқу процесін де жоғары деңгейде көтере аламыз және жетістіктерге жол ашатын жүйе. Жасанды интеллект – бұл компьютерлік жүйелер мен бағдарламаларға адамға тән ойлау, үйрену, шешім қабылдау және проблемаларды шешу қабілеттерін беретін технология. Шетел тілін үйренуде ЖИ жүйелері тіл үйренушінің деңгейін анықтау, жаттығуларды таңдау, тілдік дағдыларды дамыту және бағалау процесстерін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Осы мақалада ЖИ ауқымды түрде айтылатын болады.

Негізгі бөлім

Жасанды Интеллект ол қоғам талабына сай әрекет жасап, білім инновациясын шарықтататын, оң нәтиже беретін көмекші құрал. «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы 13-22 мамыр аралығында «Оқытушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға және жасанды интеллектіні интеграциялауға бағытталған қазақ тілін оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері» тақырыбында республикалық онлайн-семинар өткізді. 2000 жылдан кейін туған балалар Z ұрпаққа жатады. Олар – технология тілін меңгерген жастар. Сондықтан олардың ғаламтордан ақпарат алуына шектеу қойып, техникадан оқшаулаудың қажеті жоқ, керісінше дұрыс мақсатта, дұрыс ақпаратты қалай алу керектігін үйрету керек,- дейді Алтынгүл Хасенова.

Оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір-бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр, олар не үшін қажет деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет. Ауызекі сөздің жалпы міндеті - сөздің мағынасын түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану және сөз қорын молайту. Әр курстың бағдарламасына қарай оқушылар жаңа сөздерді меңгереді, сөздерді жаттаумен тынбай, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем және мәтін құрастыра білу.

Оқытушыларға жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып, заманауи әдіс-тәсілдермен тіл үйрету жолын ұсынып, біліктіліктерін арттыру мақсатында ұйымдастырылған шараға еліміздің барлық аймағынан 100-ден астам тіл мамандары қатысты. Әдістемелік шараның алғашқы үш күні мемлекеттік тілді оқытуда жасанды интеллектіні тиімді пайдалану тақырыбына арналды. Тіл үйрену үдерісіне жаңа леп беретін жүйе мүмкіндіктері мен тіл оқытуда қолданысқа енгізу жолдары жайында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к. Бақыт Айтпаева, НЗМ ДББҰ филиалы «Білім беру бағдарламалары» орталығы Лингвистикалық бағыттағы пәндер бөлімінің аға менеджері Алтынгүл Хасенова дәріс берді. Спикерлер жасанды интеллектпен қатар тіл үйретуде пайдалануға ыңғайлы әрі қызықты қолданбалы платформаларды

таныстырып, жұмыс істеу жолын көрсетті. Тілдің дамуына, қолданыс аясының кеңеюіне әлеуметтік-экономикалық (миграция, урбанизация, экономикалық даму), саяси (тілдік саясат, ассимиляция саясаты), мәдени (жаһандану, отбасыда басқа тілге басымдық беру) және білім беру (ана тілінде білім алмау, мұғалімдердің жетіспеушілігі) факторлары әсер етеді. Жаһандану заманында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы тілдік алуан түрлілікке қауіп төндіреді. Қазақ тілі «аз ресурсты» тілге жатады. Бұл желідегі лингвистикалық ресурстардың шектеулі болуына байланысты ЖИ және машиналық оқыту зерттеулерінде жеткіліксіз екенін білдіреді. Сондықтан, ағылшын, орыс немесе басқа тілді меңгерген қолданушыларға қолжетімді көптеген ЖИ құралдар тек қазақ тілінде сөйлейтіндер үшін қолжетімсіз. Бұл тұжырымды [statista.com](https://www.statista.com) сайтының «Ғаламторда веб-контент үшін ең жиі қолданылатын тілдер» тізбегі де растайды. 2024 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша веб-сайттардағы ақпараттардың 52.1% – ағылшын тілінде, 5.5% – испан, 4.8% – неміс, 4.5% – орыс, 4.3% – жапон, 4.3% – француз, 3.1% – португал, 2.3% – итальян, 2.1% – түрік тілінде болса, үздік ондықты 1.8% үлеспен дат тілі қорытындылайды. Одан кейінгі орында поляк, парсы, қытай, вьетнам, индонезия, чех, корей, украин, араб және грек тілдері жайғасқан. Ғаламторда жиі қолданылатын тілдер қатарына қазақ тілі енбеген. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін платформалар мен қосымшалар тіл үйренушілеріне мыналарға мүмкіндік береді: Жеке бейімделген оқыту: ЖИ жүйелері әрбір студенттің қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы тапсырмаларды немесе жаттығуларды ұсына алады. Автоматтандырылған тілдік бағалау: ЖИ жүйелері тілдік дағдыларды автоматты түрде бағалауға мүмкіндік береді, мысалы, сөйлеу мен жазу қабілеттерін тексеру. Тілдік дағдыларды үздіксіз бақылау: ЖИ жүйелері пайдаланушының оқу процесін бақылап, оқудың барысын талдайды, осылайша тіл үйренуші өз прогресін көре алады.

1. Интерактивті оқыту құралдары: ЖИ жүйелері виртуалды ассистенттер немесе чат-боттар арқылы тіл үйренушілерге сұрақтар қойып, жауап алады, бұл тілдік дағдыларды жақсартуға көмектеседі. Мұндай платформалар студенттермен шынайы диалог құруға мүмкіндік береді.

2. Сөйлеуді тану технологиясы: ЖИ-нің сөйлеуді тану жүйелері тіл үйренушілердің айтқан сөздерін дұрыс түсініп, жауап беру үшін қолданылады. Бұл әсіресе тілдің дұрыс айтылуын үйренуде маңызды.

3. Мәтіндер мен аудио материалының талдауы: Жасанды интеллект мәтіндер мен аудио жазбаларды өңдеп, студенттерге дұрыс аударма немесе сөздердің дұрыс қолданылуын көрсететін құралдарды ұсына алады.

4. Жаттығулар мен жаттықтырушы бағдарламалар: Жасанды интеллектке негізделген бағдарламалар пайдаланушылардың деңгейіне және олардың қажеттіліктеріне сәйкес индивидуалды жаттығулар мен тапсырмалар ұсынады. Бұл студенттің жеке жетістіктерін қадағалауға мүмкіндік береді

Шетел тілін үйренудегі ЖИ-тің кемшіліктері

1. Шектелген эмоциялық интеллект: Жасанды интеллект адамдар арасындағы қарым-қатынасты толығымен алмастыра алмайды. Өңгіме кезінде эмоцияларды тану мен түсіну өте маңызды аспект болып табылады, және ЖИ бұл жағдайды толықтай орындай алмайды.

2. Тілдік мәдениеттің толық жеткіліксіздігі: ЖИ тек тілдік құрылымдарды үйретеді, бірақ тілдің мәдениетіне, дәстүрлеріне және қарым-қатынас формаларына толық назар аудармайды. Тіл үйрену мәдениетті меңгеруді де қамтиды.

3. Қателіктер мен дәлсіздіктер: Тілді үйренуге арналған ЖИ жүйелерінде бағдарламалық қателіктер мен синтаксистік бұзушылықтар болуы мүмкін. Бұл жүйенің кейбір тапсырмаларды немесе жауаптарды дұрыс түсінбеуіне әкелуі мүмкін. Қазақстан Республикалық білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада жоғары білім беруді дамыту үшін білім беру қызметіне жаңаша қарауды, білім беру жүйесінде ғылым мен тәжірибе жинақталған бай педагогикалық, психологиялық, әдістемелік мұраны зерттеп, талдауды және ғылым мен техникалық жетістіктерін кеңінен

еңгізуді талап етеді. Қазіргі кезде ғалымдар оқыту процесінде дидактикалық мақсатты шешуде оқытудың белсенді формаларына бет бұруда оқытушының студенттермен педагогикалық қатынасты ұйымдастыра алу қабілеті бүгінгі таңдағы шетел тілін оқыту процесінің тиімділігін арттырады, сондай-ақ ол студенттің жеке тұлға ретінде ерекшелігін ашуға және оның шетел тілі мәдениет аралық қарым- қатынас құралы ретінде меңгеруіне бағытталады. Аталған мәселені шешу үшін педагогтар мен әдіскерлер оқыту процесінде оқытудың белсенді формаларын қолдану керектігіне тоқталды.

Осыған орай оқытушылардың белсенді өзіндік жұмысын қамтамасыз ету үшін студенттердің бір мәселені бірігіп шешуде өз бетінше белсенді, танымдық шығармашылық әрекетін қамтамасыз ететін интерактивті тәсілге баса назар аударуда. Жасанды интеллект (искусственный интеллект) – бұл адам ойын компьютерде бейнелейтін (имитирующий) программалық жүйе. Бұндай жүйені жасау үшін белгілі бір облыста шешім қабылдайтын немесе нақтылы есептерді шешетін адамның ойлау процесін зерттеу қажет және осы процестің негізгі қадамдарын бөліп көрсетіп, оларды компьютерде іске асыратын программалық жабдықтарды жасау қажет.

Адам іс-әрекетінің негізінде ойлау қабілеті жатады. Адам ойлау процесінің соңғы нәтижесі мақсат деп аталады. Әдетте барлық белгілі фактілерді қолдану ережесі негізінде мақсатқа жетеміз. Жасанды интеллект жұмысы екі бағытқа бөлінеді. Сонымен бірінші бағыт адамның интеллектуальды әрекетінің өнімін қарастырады, оның құрылысын меңгереді (есептерді шешу, теоремаларды дәлелдеу, ойындар) және бұл өнімдерді қазіргі техника көмегімен жасайды. Жасанды интеллектің екінші бағыты интеллектуальды іс-әрекетінің нейрофизиологиялық және психологиялық механизмі туралы мәліметтерді, дәлірек айтқанда адамның саналы іс-әрекетін қарастырады. Жасанды интеллект облысындағы зерттеудің негізгі бағыттары.

Нейрон тәрізді желілер – робототехникалық қондырғыларды басқару жүйесін тұрғызудың тиімді құралы. ЖИ бұл модель мен тиісті бағдарламалық құралдар жасайтын ЭВМ көмегімен семантикаға жүтінуді талап етілетін үдерісте есептеу сипатындағы шығармашылық міндеттерлі шешуге мүмкіндік беретін ғылыми зерттеу бағыты. ЖИ саласындағы зерттеу 30 жыл бойы жүргізуде. ЖИ саласында жұмыстың басталуын электронды есептеуіш машинаның жасалуынан деп есептейді, ол адамзаттың ойлау қабілетінің үдерісінің қайталауы тиіс болды.

Алпысыншы жылдардың аяғында жасанды интерелектің міндеттерін әдістемелік шешу өзгерді, яғни адамның ойлау тәсілдері имитациясының орнына адамзат міндеттерін шешуге қабілетті бағдарламалар әзірлеу басталды, бірақ бұл машиналық бағыттаушы әдістердің базасында жүзеге асты. Бұл кезеңнің сынақ полигоны шешімі қиын түйіндер мен ойындар болды. Бұл шешімдерді іздестірудің тұйықтығымен және шешімді іздестірудің өте күрделі стратегиясын модельдеу мүмкіндігімен түсіндіріледі. Сонымен, бір мезгілде жасанды интеллектің жасанды ортадан ақиқатқа алып шығуға талпыныс жасалады. Сыртқы дүниені модельдеу проблемасы пайда болады. Бұл интегралды роботтардың пайда болуына әсерін тигізді. Роботтардың пайда болуы жасанды интелектіге зерттеулердің екінші сатысы деп аталады.

Жетпісінші жылдардың басында жасанды интелектіге символдық тәсіл негізінде нақты пәндік салалар шеңберінде шешімдер жасаудың эвристикалық әдістері негізінде кешенді мүмкіндік беретін адам машина жүйелерін жасау қолға алынды. Сол кезде сараптама жүйелері ерекше қарқынмен дамыды. Сараптама жүйелері әртүрлі салалардан білімді анықтауға, жинауға, түзетуге және осы білімдердің негізінде белгілі бір жағдайларда егер оңтайлы болмағанның өзінде барынша тиімді болып есептелетін шешімдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект пайда болуымен байланысты жаңа ғылыми пән инженерлік білім пайда болды, бұл білімдерді беру және қалыптастыру саласында зерттеулермен, оларды өңдеу және жасанды интелект қолданумен айналысады. Жасанды интелекті зерттеу 30 жыл бойы жүргізілуде. Жасанды Интеллект дегеніміз заманауи білім саласындағы жаңаша жетістік деп айта аламыз. Яғни, ақпараттар

ағыны дамыған заманда адамзаттың білім алу мүмкіндігі мен қабілетін тың деңгейде білім алуға және алған білімін барынша тиімді, қажетіне жаратуға мүмкіндік беретін жүйе деп сеніммен айтамын. Адамзаттың алдағы жүз жылдықта кең қолданатын, сол арқылы дамудың жаңа деңгейіне жеткізетін білім құралы. Қазіргі уақытта Жасанды Интеллекттің жарқын мысалы күнделікті өмірімізде кеңінен қолданылуда. Біз сол жетістіктерді күнделікті пайдаланып жүрміз. Мысалға, банк қызметімен тұрақты байланыс, сауда-саттық үшін кері байланыс, өзара тиімді сөйлесу, сұрақ-жауаптарымызға жауап алып, қажетті ақпараттарды тезірек табуға мүмкіндік алу, мәтін, сурет, аудио, видео қызметтерін пайдалану сияқты көптеген қызмет салаларында кеңінен пайдаланылуда. Бұл жағдай тек қана біздің еліміз емес, барша әлемде кеңінен таралып, жаңаша үрдісті қалыптастырып отырған күнделікті өміріміз. Бүгінгі күні білім беруде жасанды интеллекттің өте аспаптық форматымен — семантикалық талдаумен байланысты технологиялар қолданылады. Бұл мәтінді тану, дыбысты мәтінге айналдыру, бейнелер мен фотосуреттердегі эмоцияларды талдау.

Зерттеу әдісі :

XXI ғасыр - ақпараттық технологиялар мен инновация заманы. Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды тиімді пайдалану – оқыту сапасын арттырудың басты талаптарының бірі. Жасанды интеллект бұл заман талабы және қоғамның басты алдындағы тұрған міндеті. Осы тұрғыда (ЖИ) дамыта отырып, практикада толық жүзеге асыру көзделуі шарт. Әсіресе, шет тілдерін оқытуда оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуда жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу маңызды. Бұл тұрғыда жасанды интеллект (ЖИ) білім беру процесін оңтайландыратын қуатты құрал ретінде қарастырылады. Жасанды интеллект оқытуды жекелендіруге, оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделуге және интерактивті оқыту әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Тіл үйренушілер ЖИ көмегімен табиғи ортада қарым-қатынас жасауға жақын тәжірибе ала алады. Сонымен қатар, ЖИ технологиялары оқушылардың білімін автоматты түрде бағалап, жеке даму траекторияларын құра алады.

Қорытынды

Жасанды интеллекттің шетел тілдерін оқытудағы қолданылуы білім беру жүйесінің дамуына жаңа мүмкіндіктер береді. ЖИ негізінде жұмыс істейтін жүйелер мен қосымшалар оқытуды тиімдірек әрі қызықты етіп, студенттердің тіл үйренуге деген ынтасын арттырады. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқу процесін автоматтандырып, әр студентке жеке көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде тіл үйренушілердің дағдыларын жүйелі түрде және жылдам дамытуға ықпал етеді. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жасанды интеллекттің шет тілдерін үйренудегі рөлі бүгінгі күні айтарлықтай маңызды және сонымен бірге өсіп келеді деп айта аламыз. Жасанды интеллекттің шет тілдерін оқыту мен оқытуда үлкен әлеуеті бар. Дегенмен, қазіргі уақытта бұл саладағы жасанды интеллекттің функциялары шектеулі және оны ең тиімді тапсырмаларда ғана қолдану керек және шет тілдерін оқытуда адам ресурстарын онымен толығымен алмастыруға тырыспау керек. .

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Атаманова, И. В. (2020). Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі. Алматы: ҚазҰУ баспасы. - Бұл еңбекте жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде қолданылуы, оның артықшылықтары мен мүмкіндіктері, сондай-ақ тіл үйренуде ЖИ-дің рөлі туралы талқыланады.
2. Григорьева, Е. Ю. (2019). Интеллектуальные технологии в обучении иностранным языкам. М: Высшая школа. - Автор шетел тілдерін оқытуда жасанды интеллект негізіндегі жүйелердің мүмкіндіктерін қарастырады. Мақалада ЖИ технологияларының сөйлеу, тыңдау және жазу дағдыларын дамытудағы тиімділігі зерттелген.
3. Соловьева, А. А. (2021). Использование технологий искусственного интеллекта для обучения языкам в условиях дистанционного образования. Вестник образования, 3(15), 45-50. - Бұл мақаласында автор қашықтан білім беру жағдайында шетел тілдерін үйрету

үшін қолданылатын жасанды интеллект жүйелерінің мүмкіндіктерін сипаттайды. Сонымен қатар, ЖИ технологияларын оқыту процесіне интеграциялау туралы ұсыныстар келтіреді.

4. Ержанова, М. Д. (2022). Цифровизация в сфере образования: Инновации в обучении языкам с использованием искусственного интеллекта. Наука и образование, 10(4), 22-29. - Мақалада шетел тілдерін оқытуда жаңа технологиялардың, оның ішінде жасанды интеллекттің білім беру процесіне қалай ықпал еткендігі туралы сөз болады. Сонымен қатар, ЖИ-дің білім беру жүйесін трансформациялаудағы рөлі қарастырылған.

5. Ковальчук, Ю. Н. (2020). Искусственный интеллект в обучении иностранных языков: проблемы и перспективы. Journal of Language Technologies, 12(2), 115-120. - Автор ЖИ-дің тілдерді үйретудегі ықпалына терең талдау жасайды, оның ішінде оқушыларға сөздік қорды кеңейту, сөйлеу дағдыларын жетілдіру және тындауды дамыту үшін жасанды интеллекттің қолдану тәсілдері қарастырылады.

6. Новикова, Л. И. (2019). Использование технологий искусственного интеллекта в обучении иностранным языкам на дистанционных курсах. Санкт-Петербург: РГПУ. - Бұл еңбекте автор ЖИ негізінде жұмыс істейтін онлайн курстар мен платформаларды талқылайды, олар тіл үйренушілердің білімін арттыруда қандай рөл атқаратыны жайлы мәлімет береді.

7. Joubert, A. & Bauckham, R. (2021). Artificial Intelligence and Language Learning: A Revolution in Education? International Journal of Education and Learning Technologies, 13(1), 18-32. - Халықаралық зерттеу, шетел тілдерін оқытуда ЖИ-дің қолданылуын және оның білім беру тәжірибесін қалай жақсартатынын түсіндіреді.

8. Kukulska-Hulme, A. (2020). Mobile-assisted language learning: Researching the convergence of language and technology. Cambridge University Press. - Бұл кітапта мобильді құрылғылар мен ЖИ қолдану арқылы шетел тілдерін үйретудің жаңа тәсілдері қарастырылады, сондай-ақ тіл үйренушілерге ұсынылатын ресурстардың тиімділігі бағаланады.

9. Siriwardena, S. & Weerasinghe, N. (2019). AI-powered Language Learning Systems: Opportunities and Challenges. Language Education Review, 8(3), 65-78. - Мақалада шетел тілдерін үйрету үшін жасанды интеллект жүйелерін енгізудің артықшылықтары мен қиындықтары талқыланды. Бұл зерттеу ЖИ технологияларын тиімді пайдалану үшін қажетті жағдайларды да сипаттайды.

10. Макарова, М. Л. (2021). Применение технологий искусственного интеллекта для индивидуализации обучения иностранным языкам. Московский педагогический журнал, 4(2), 92-98. - Автор ЖИ-дің тіл үйретудегі жеке тәсілдерді дамытудағы мүмкіндіктерін зерттейді. Әсіресе, студенттің қажеттіліктеріне сай оқу курстары мен тапсырмаларды жеке дара құрудағы ЖИ технологиясының рөлі көрсетілген.